

“Адамзаттың рухына керектің үлкені - газет, журнал, кітап оқу”

С. Сейфуллин

ЖАҢААРҚА



Аудандық қоғамдық-саяси газет

эл. пошта: janaarkagazeti@mail.ru

Газет 1938 жылғы 24 сәуірден шығады

№24 (10133), 1 шілде, 2023 жыл

Жаңаарқада жаңа сот




29 маусым күні аудан әкімінің мәжіліс залында жиын өтті. Жиынға аудан әкімі мен орынбасарлары, меке басшылары және ардагерлер қатысты. Аудан әкімі Қанат Қожықаев көпшілікті құрбан айт мерекесімен құттықтап, сөз кезегін жиынға арнайы келген Ұлытау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының төрағасы Қанат Шайқамаловқа берді. Ұлық мерекемен құттықтаған Қанат Жандарбекұлы ауданымыздағы сот жүйесіне тоқталып, Жаңаарқа ауданының сот төрағасы болып Кәрімова Бота Кәрімқызы тағайындалғанын айтып, оның өмір жолы мен қызметін таныстырып өтті.

Жаңа тағайындалған сот төрағасын аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Амангелді Әбжанов құттықтап, бата берді. Елмен етене, халықпен тығыз байланыста қызмет атқарған Бота Кәрімқызымен бірге қызметтес, әріптесі, сот судьясы Абай Баубеков ізгі тілегін білдіріп, сәттілік тіледі.

Салтанат Аманқызы

Тағайындау



26 маусым 2023 жылғы №268 Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Бота Каримовна Каримова «Жаңаарқа аудандық сотының төрағасы» лауазымына тағайындалды.

Б.К.Каримова 1965 жылы 22 маусымда Жаңаарқа ауданында туған. 1983 жылы мектепті аяқтаған. Қарағанды Мемлекеттік университетінде заңгер мамандығы бойынша жоғарғы білім алған. 1983-1987 жылдар аралығында Жаңаарқа ауданында әртүрлі қызметтерді атқарған. 1987-1996 жылға дейін мемлекеттік нотариалдық кеңсесінің бас мемлекеттік нотариусы болып қызмет еткен. 15 қараша 1996 жылғы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданының судьясы лауазымына тағайындалып, осы уақытқа дейін судья қызметін атқарған.

Жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін Жаңаарқа аудандық сотының төраға міндетін атқарған.

“Қазақстан Барысы” бәсекесіне Айдос палуанды шығарып салды



Бүгін аудан әкімі Қанат Қожықаев жаңаарқалық балуан – Айдос Ғалымовты “Қазақстан барысы” республикалық жарысына сәттілік тілеп, шығарып салды.

Осы жылдың мамыр айында Ұлытау облысында “Қазақстан барысы” жобасының облыстық іріктеу кезеңі өтіп, онда 15 палуанның арасынан суырылып шыққан жерлесіміз республикалық кезеңге жолдама алған болатын.

Шілде айының 2-ші жұлдызында өтетін аталмыш бәсекеде Айдос Ғалымов облысымыздың намысын қорғайтын болады.

Осыған сәйкес аудан басшысы Қанат Шубайұлы әкімдіктің мәжіліс залында спортшыны арнайы қабылдап, алдағы үлкен бәсекеде жеңіске жетуіне тілектестігін білдірді және қаржылай қолдау көрсетті.

Сондай-ақ, аудандық спорт федерациясының төрағасы, ардагер Бейбіт Қасенов спорт майталманына ақ батасын беріп, жүлделі оралуына тілек қосты.

И.Рахымбаева,
Аудан әкімінің баспасөз хатшысы

Құрметті аудан тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді Елордамыздың 25 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бас қала атанған, ажары кіріп, айбыны асқақтаған Елордамыз бүгінгі күні еліміздің бойтұмарына айналды. Тұрақты дамудың, өсу мен өркендеудің даңғыл жолына түсті. Қазіргі Елорда - саяси көшбасшылар, іскер серіктестер мен инвесторлар, діндер мен конфессия өкілдері, зиялы қауымның кездесіп, кеңес құратын орны, шығармашылық жоспарларды, инновациялық идеялар мен батыл бастамаларды жүзеге асыру алаңы.

Құрметті жерлестер! Бүгінде Елордамыз мерекені жаңа жетістіктермен, тың күшпен, шалқар шабытпен қарсы алып отыр. Біздің жас та көркем, қадамы нық бас қаламыздың жыл өткен сайын маңызы артып, мәртебесі өсе түсуде. Қай-қайсымыз да Елорданың тарихымен, дәстүрімен, мәдениетімен және қайталанбас қолтаңбасымен мақтанамыз. Халқымыздың жүрегі, еліміздің тірегі – бас қаламыз жасай берсін!

Баршаңызды осы қуанышты мереке күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс, елімізге бейбітшілік пен баянды болашақ тілейміз!

25 жылдық тарихы бар Елордамыз қарыштап дами берсін!

Жаңаарқа ауданының әкімі

К. Қожықаев

Аудандық мәслихат төрағасы

Ю. Бекқожинов

“Ақпарат саласының үздігі” төсбелгісі мен "ÜLAR" сыйлығын еншілеп қайтты



Ұлытау облысы әкімінің бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне арнайы жасаған мерекелік іс-шарасына барып, марапат төрінен орын алдық. Ұлытау облысының ақпарат салаларының мамандарына арналған семинар кезесіне қатысып, өңіріміздегі БАҚ өкілдерімен қауышып, танысқаннан кейін барлығымыз арнайы журналистер үшін арналған кешке асықтық. Мейрамханада мерекелік көңіл күй сыйлаған кештің қонақтары осы өңірге аттары таныс, журналистика саласының үздіктері мен

азулы ардагер журналистер екен. Тосырқағанымызбен топқа араластық. Салтанатты шара басталды.

Өзекті мәселелерді ортаға салып, қаламдарының үшқырлығымен ақпарат айдынында өрнек салған журналистер қауымына айтылған жылы лебіздер жанымызды жадыратқаны жасырын емес. Облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы жиналған қауымға ажарма тілегін арнап, марапаттау рәсімін бастады.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі "Еңбек ардагері" медалі, "Ақпарат саласының үздігі" төсбелгісін, Қазақстан Журналистер Одағының "Қазақстанның құрметті журналисі" құрмет белгісін, Ұлытау облысы әкімінің бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне арналған «Ular» сыйлығының салтанатты түрде тапсырды.

Осы салтанатты жиында "Жаңаарқа" аудандық газетінің бас редакторы Салтанат Аманқызы Ералина "Қазақстан Журналистер Одағының" Құрмет грамотасымен және "Ақпарат саласының үздігі" төсбелгісімен марапатталды.

Өңірдегі басшылық, телеарналардың қызметкерлері мен республикалық БАҚ-тардың меншікті тілшілері арасынан барлығы 18 адам "ÜLAR" сыйлығының түрлі номинациялары бойынша бақ сынасқан болатын. «Мәнер мен атқарымдылық үшін» номинациясы бойынша жиырма жылдан астам аудандық "Жаңаарқа" газетінде еңбек еткен газеттің техникалық редакторы Мұздыбаева Әсел Сұлтанқызы марапатталып, 500 мың теңге жүлде қорына ие болды. Сонымен бірге, «Сарыарқа» газетінің Жаңаарқа ауданындағы тілшісі Шамаева Нұргүл Нағайқызы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы үздік материалы үшін марапатталып, 500 мың теңге жүлде қорына ие болды.

Марапат төрінен көрініп, өз саласының үздіктері атанған әріптестерімізді төл мерекелерімен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз. Қаламдарыңыз үшкір, ойларыңыз үшқыр болып, жазарларыңыз таусылмасын.

Айзада Әсетқызы

Бұйырса бұқтырылған ет өндіреміз



Ел іргесі Ақтайлақ ауылының жанынан жаңа нысан бой көтеруде. Жазық алаңда мен мұндалаған әскери шатыр мен лезде құрастырылатын ғимараттардың алдыңғысы құрылыпты. Болашақта үлкен жұмыс орнына айналатын шағын ет комбинатының құрылысының басталуына аудан әкімі Қанат Қожықиев, аудандық мәслихаттың төрағасы Юржан Бекқожин, аудан әкімінің орынбасарлары Әсет Аманжолов, Айхын Елеусізов, «Аманат» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Амангелді Түсіпов, ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Сәрсенбек Баязитов, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұрат Ибраев, облыстық мәслихат депутаты Жәнібек Рысбеков, аудандық мәслихат депутаттары Бекболат Жарылғапов, Қайсар Сейіпшов, еңбек ардагерлері Бейбіт Хасенов бастаған бөлім басшылары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Бұдан екі-үш жыл бұрын шырайлы мекен, кезінде емдеу-сауықтыру кешені орналасқан, суы мен сазы жанға дәру Шалғия кентінің іргесінен мал өсіру үшін жер алып, жылқы мен қой өсіруді қолға алған «ULY DALA CO» ЖШС иесі астаналық азамат Есқан Қуаныштың ел іргесіне салатын бұл комбинаты баршамызға пайдалы болмақ. Жұмыс басында жүріп, мұндағы атқарылатын шаруаның басы-қасында жүрген Қосдәулетов Қанат мырзамен жолығып сұхбаттастық.

-Ауыл іргесінен 4 гектар жер алдық. Бұл жердің 1300 аумағына шағын ет комбинатын саламыз. Өңірімізде мал көп, бірақ сол мал өнімін өндіретін орталық жоқ. Маңайда шұжық жасайтын орындар бар болғанымен бұқтырылған

консерві дайындау өндірісі жоқ. Бұқтырылған ет өнімдеріне қазіргі таңда сұраныс көп. Соған орай осы өңірге шағын ет комбинатын салуды қолға алдық. Бұл орында бұйырса бір-неше адам жұмыс жасайтын болады. Арнайы Қарағандыдан технолог маман алдық. Ендігі уақытта жұмыс орнымен қыз-келіншектер, аналарды қамтитын боламыз.

Бұл «ULY DALA CO» ЖШС-нің ірі жобаларының бірі. Бұған 1 миллиард 265 млн. теңге қарастырылған. Шалғия елдімекенінде мал өсіруді

бастадық. Жылқы малына жайлы өңір. Ол жерде мал бордақылайтын

орын салынуда. Үкіметтің күшімен суға тоған байладық. Бұл тоғанда балық шаруашылығымен айналыссақ, алдағы уақытта сол өңірдің құнарлы топырағына көкөністер өсіруді қолға алмақпыз. Қазіргі таңда биылғы төлін қоспағанда екі мыңға жақын мал өсіріп жатырмыз. Бұл жерге салынатын ет комбинаты осы өңірдегі барлық шаруақожалықтарына қызмет атқарады. Ұлытау облысының аймағында бұндай ет өндіретін орталықтар жоқтың қасы. Сондықтан маңайдағы шаруақожалықтар, жеке тұлғалар болашақта малдарын әкеліп өткізуіне болады. Мысалға тұрғындар мен шаруалар буржулезбен ауырған малдарын қиыр шеттегі Сабындыға тапсырып жатады. Болашақта олар осы біздің комбинатқа өткізе алады. Бұл жерде мал бордақылау орындары, мал сою орыны, ет сақтау қоймалары мен консерві жасайтын орын, мал қамайтын зағандар болады. Зағандардың әрқайсысы әр түліктің түріне қарай мысалға жылқынікі бөлек, сиырдікі бөлек, қойдікі бөлек болады. Күніне 50 бас мал сойылып, 3600 банка консервілерін өндіру жоспарлап отырмыз. Бұл бастапқысы. Болашақта одан да көп болуы мүмкін. Мына жерге қос қабатты ғимарат саламыз. Онда сараптама орталығы, салқындату қоймалары, тоңазытқыш камералары, ет бұқтыру мен оны консервілеу жұмыс жасаса екінші

қабатында мамандар отыратын ғимарат болады-деді Қанат мырза.

Шағын ет комбинатының құрылысына қажетті жабдықтар жеткізіліп, іргетасын қалау үшін орындары қазылды. Жобаға сай өлшеніп, реттелген орында құрылыс жұмысымен айналысатын жұмысшылардың жатын орындары үшін құрастырмалы вагондар құрылды. Асхана үшін шатыр тігіліп, жарықпен қамтамасыз етіліп, жағдай жасалыпты. Алла бұйырса алдағы уақытта қарқынды жұмыс жасап, қыс түспей құрылысты еңсереміз деген Қанат Қосдәулетов алда қызу жұмыс күтіп тұрғанын айтты. Болашақта Қызылорда-Павлодар тас жолының бойында орналасатын бұл жер үлкен өндіріс орынынан бөлек алыс жолда жүретін жолаушылар үшін жайлы аяқ суыттар ме-



кенге айналатынын да айтып өтті.

Шағын ет комбинатының атқарар жұмысымен таныстырған Қанат мырза қазақы дәстүрімізге сай ауыл ақсақалдарына ақ дастархан жайып, ақ баға сұрады. Ұйымдары ортақ, бірлігі бекем, ымыраға ұйысқан Ақтайлақ елді мекенінің тұрғындары бірлесе салған қоғамдық орталықтағы дастархан басында келелі кеңес жалғасып, қариялар ақ бағасын беріп, сәттілік тіледі.

«Елге ел қосылса құт» -деген халқымыз ел іргесіндегі ет комбинатының салынатынына қуанышты. Ел игілігіне қызмет ететін орталық келер жылы жұмысын бастаса 18 жұмыс орыны ашылып, бұйырса бұқтырылған етпен ас әзірлейтін боламыз.

Салтанат Аманқызы

Жас келсе іске



Ұлытау облысы әкімінің жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған грант иегері Серікбай Дәулет маусым айының 29 күні Балабақсы көшесінен «Ағаш өңдеу және темір бөлшектерін қалпына келтіру» цехын ашты.

Жас маманның кәсібіне арнайы

келіп, қолдау білдірген аудан әкімі Қожықиев Қанат Шубайұлы ақ тілек арнап, лента кесіп цехтың ашылу салтанатына қатысты.

Ақсақалдың ақ батасын алған жас кәсіпкер цехтың ішіндегі жөндеу және қалпына келтіретін құралдармен таныстырды.

Цехтың ашылу салтанатына ішкі саясат бөлімінің басшысы Ж.Жәнібекұлы, жастар ресурстық орталығының директоры Е.Тәттібекқызы, Жаңаарқа ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы М.Есіркепұлы және БАҚ қызметкерлері қатысып, жас кәсіпкердің бастамасына табыс, еңбегіне жеміс тіледі.

Ауданымыздың дамып өркендеуіне үлес қосып, талпынып, кәсіптерін ашып жатқан жастарды шын жүректен құттықтаймыз!

Айзада Әсетқызы

Меншікті мерекелерімен мықты мамандар марапатталды



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында айтулы мерекелерге арналған жиын өтті. Маусым айында аталып өтетін ақ халатты абзал жандар мен тәртіп сақшылары мерекесі, мемлекеттік қызмет иегерлері мен бұқаралық ақпарат құралдарының төл мерекесіне орай ұйымдастырылған бұл шараға аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме басшылары мен мамандары қатысты.

Өз мамандықтарын сүйіп, адал атқарып, ел алғысына кенелген бір топ сала мамандарын аудан әкімі Қанат Шубайұлы құттықтап, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табыстады.

Жыл сайын кең көлемде аталып өтетін шаралар бүгінгі күні мәдени сауық орталығындағы жөндеу жұмыстарына орай мәжіліс залында ұйымдастырылды. Жиын барысында әннен шашу шашылып, ақжарма тілектер айтылды. Алдағы уақытта



да елге деген қызметтің озық үлгісін абыроймен көрсете беріңіздер деген аудан басшысы төл мереке иелеріне толағай табыс тіледі.

Өз тілшімізден

Ұлытау облысы бойынша тексеру комиссиясы ауданымызда



Мамыр айының 27 жұлдызында ауданымызға Ұлытау облысы бойынша тексеру комиссиясы келді. Жаңаарқа ауданының жергілікті бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша әкімдіктің мәжіліс залында дөңгелек үстел өткізілді.

Аудан әкімі Қанат Қожықаев төрағалық еткен дөңгелек үстелде Жаңаарқа ауданын одан әрі дамыту, оның тартымдылығын қамтамасыз ету, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және жағдайларын жақсарту, жергілікті бюджеттің тиімді және сапалы атқарылуын, қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Ұлытау облыстық комиссиясының мүшесі Салтанат Сайынқызы Нұғманова өткен жылдың шығыны бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Айдархан Тапашұлымен алдағы уақытта кеткен кемшіліктерді қайталамай, тиянақты жұмыс жасап, жақсы жетістіктерге қол жеткізу бағытында етене жұмыс жайтынына уәде берді. Ұлытау облысы бойынша аталған мәселерді жан-жақты тексеру комиссиясы жиыны аудан мәслихатының депутаттық корпус өкілдерінің, қоғамдық кеңес және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен өтті. Мекеме басшыларына қатысушылар арасынан қойылған сұрақтарға жауаптар алынды.

Айзада Әсетқызы

Мемлекет және жастар

29 маусымы күні аудан әкімшілігінің мәжіліс залында “Мемлекет және жастар” атты ашық диалог алаңы өтті. Ашық алаңда, аудан әкімінің орынбасары Аманжолов Әсет



Жұмажанұлы, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Сайлаубек Жалғасбек Жәнібекұлы, жастар ресурстық орталығының директоры Еркегүл Тәттімбекқызы ауданымыздың белсенді жастарымен кездесіп, пікір алмасты.

Кездесу барысында жастарға қатысты көптеген мәселелер көтерілді. Жиынға қатысушылар белсенділік танытып, көкейтесті сұрақтарын қойды. Қойылған сұрақтарға байланысты аудан әкімінің орынбасары Аманжолов Әсет Жұмажанұлы тиісті органдармен тілдесіп алдағы уақытта кезекті кездесу ұйымдастырылатынын айта кетті.

Еркін форматта өткен кездесуді жастар жылы қабылдап, өз ойларын ашық білдіріп, жүрек жарды ұсыныстарымен бөлісті.

Мәдиева Гүлзира,
Жастар ресурстық орталығының маманы

Президент реформасы тұрақтылық пен тәуелсіздігіміздің кепілі



Еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу Президентіміздің басты реформаларының бірі екендігін ерекше атап өтті. Оны жүзеге асыру үшін Үкіметке білім гранттарының санын көбейту, шет аймақтарды білікті мұғалімдермен қамтамасыз ету және елімізде шет елдің озық университеттерінің филиалдарын ашу тәрізді тапсырмалар берді. Бұл дегеніміз, бір жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарына зор міндет жүктесе, екінші жағынан бәсекелестікті арттырып, сол арқылы сапалы маман даярлауға жол ашады деген сенімдеміз. Сондықта да, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың интеллектуалды ұрпақ қалыптастыру бойынша берген тапсырмасын жұмыла абыроймен атқарамыз деген сенімдемін.

Мемлекет басшысы өз мәлімдемесінде болған оқиғаларды саралап, бұл дағдарыстан Қазақстанның қуатты әрі күшті мемлекет болып шығатындығына нық сенім білдірді. Мемлекеттік қауіпсіздік мәселесінен бастап, әлеуметтік-экономикалық даму, саяси реформалар кешенін жүзеге асыру бастамасы көтерілді. Елдің күрделі кезеңге аяқ басқанын ескерсек, Үндеуде айтылған тапсырмаларды жауапкершілікпен жүзеге асыру аса маңызды.

Елде референдум өтіп, қабылдаған реформаларды іске асыру жұмысы бірден қолға алынды. Президент сайлауын өткіздік, Ұлттық құрылтай құрылды. Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар ел ішінде ғана емес, шет елдерде де талқыланып жатыр. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Осылайша, билік жан-жақты реформаларды жалғастыру үшін жаңа сенім мандатына ие болды. Елімізді дамыту жолында тың бастамалар көтеріп, оны табысты жүзеге асыру – басты міндет. “Қазір жетістікке мәз болып отыратын заман емес. Жұмысты тың қарқынмен жалғастыру керек”, - деді Президент. Президентіміздің реформаларының арқасында еліміз өркендеп, одан әрі гүлдене түсетініне сенімдімін.

Зайыров Жолбарыс,
Ақтүбек ауылдық округінің жетекші маманы

Аудан әкімінің гранты - жас кәсіпкерлерге қолдау

Соңғы жылдары жас кәсіпкерлерді қолдау бағыты бойынша облыс және аудан



әкімінің қайтарымсыз қаражат гранты жарияланып, жас кәсіпкерлер бағын сынауда. Бұл гранттың алдыңғы иелері ауданымызда, аймағымызда өз кәсіптерін бастаған болатын.

Ағымдағы жылдың 30 мамырынан 13 маусымға дейін аудан әкімінің жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған грантына құжаттар қабылданып, аталмыш грантқа құжат тапсырған 52 үміткер 16 маусым күні аудан әкімшілігінің мәжіліс залында өз жобаларын қорғады.

Комиссия мүшелерінің ортақ шешімімен 15 жас кәсіпкер грант иеленді.

- 1.Әбікеева Әйгерім Ақансерікқызы – Заманауи 3D үлгідегі көрпелер мен перделер тігін шеберхана. Жаңаарқа кенті.
- 2.Көпбергенова Лариса Сиябекқызы – Тігін орталығын ашу. Қарағаш ауылдық округі.
- 3.Ислямова Альвира Жангелдіқызы – Әйелдерді дамыту орталығын ашу. Жаңаарқа кенті.
- 4.Махмодия Нұрислам Бекзатұлы – Пескоблок кірпіштерін шығару. Байдалы би ауылдық округі.
- 5.Абылайхан Нұрқелді Жангелдіұлы – «Жаңа - нұр» кондитерлік өнім. Орынбай ауылдық округі.
- 6.Көшенов Еркәнат Айшырақұлы – «Бөдене шаруашылығын құру». Жаңаарқа кенті.
- 7.Көрпеш Әділет Амангелдіұлы – Дәнекерлеу цехын ашу. Жаңаарқа кенті.
- 8.Түсіпбеков Нұрсұлтан Мансұрұлы – Виртуальді көзілдірік. Жаңаарқа кенті.
- 9.Қайыржанова Аяулым Мақсатқызы – Дұрыс тамақтану. Жаңаарқа кенті.
- 10.Қасымова Мөлдір Ерсайынқызы – «Асыл тұқымды ешкі өсіру». Жаңаарқа кенті.
- 11.Темешова Нұрлылай Манасқызы – «Еркемей» тігін ательесі. Ақтайлақ ауылдық округі.
- 12.Баисов Ернұр Айдосұлы – наубайхана. Ынтымақ ауылдық округі.
- 13.Асқарова Лаура Тимурқызы – сүт өнімдері. Ынтымақ ауылдық округі.
- 14.Рахметулин Данияр Амангелді - велосмобил. Жаңаарқа кенті.
- 15.Әубәкірова Таңнұр Ерболатқызы – Заман талабына сай фотостудия. Жаңаарқа кенті.

Жұмыстарына сәттілік тілейміз жас кәсіпкерлер.

Жастар ресурстық орталығы

Тәуелсіз Астанамызға 25 жыл



Сан мыңдаған ғасыр арпалыстың, қайғы-қасіреттің, төгілген тердің нәтижесінде қазақтың тәуелсіз болып қалуы, бұл үлкен жеңіс. Тәуелсіздік-құдайдың берген үлкен сыйы. Сол сыйды бағалау, қастерлеу, тәуелсіздігімізді қызғыштай қору, біздің міндетіміз екені анық. Әр адам тәуелсіздіктің оңай келмегенін және бұл жолда қанша қан мен тердің төгілгені ұғынса ғана, сол тәуелсіздіктің тұғырын мызғытпай ұстап тұрады.

Бүгінгі күні Тәуелсіздіктің тартуына айналаған, Егемендігіміздің дәлелі бола білген Астана қаласына да 25 жыл толып отыр. Астана - Қазақстан Республикасының елордасы болып бекіді. Қаланың сан мың

ғасырға созылған тарихы болмаса да, сол Тәуелсіздік жылдарынан бастап қалай көркейіп, жанданғанына тәнтіміз. Астананы көшіру туралы ойын алғаш рет 1994 жылы 6 шілдеде елдің Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Президент Н.Ә.Назарбаев ортаға салды. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президентіміздің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астанаға ЮНЕСКО шешімімен “Әлем қаласы” деген атау беріліп, медальмен марапатталды. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде дамыған әлемдегі жас қалаларға берілген болатын. Бразилияда өткізілген бұл конкурста Астана барлық өлшем бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің он екі қаласын басып озды.

Еуразия жүрегінен орын алған бұл қала-2000-шы жылдардан беріге дейін адам танымастай өзгергені даусыз. Мұндағы, зәулім-зәулім ғимараттардың салынуы, “Бәйтерек” монументінің бой көтеруі, бертін келе, EXPO-2017 халықаралық көрмесінің өтуі де, еліміздің асқақ Тәуелсіздігімен ұштасуында деп есептейміз. Сол бір қиын-қыстау күндердегі үкілеген үмітімізді осы қалаға артудың арқасында, бүгінгі күні егеменді еліміздің Тәуелсіздігі осы қаланың тағдырына байланғанына көз жеткіздік. Бұл қаланың өркендеуі, Тәуелсіздігіміздің айқын бейнесі деп білеміз!

Сенім телефоны

«Жаңаарқа ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ сенім телефоны жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары), «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Қазақстан Республикасының заң нормаларының бұзылу фактілері туралы ақпаратты 2-71-80 телефоны бойынша хабарлай аласыздар.

«Жаңаарқа ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

Дәстүр – дәріптелді, Құрбан айт мерекесі – кең көлемде аталып өтті



Қазақы салт-дәстүрімізге сай көрші-көлемді түйкіш жілікке шақыру, соғым басы шекеге шақыру, омыртқаны бөлісіп жеу сияқты қонақтарда айт мерекесін атап өту сөз болып, биылғы жылы бірлесе атап өтеміз деп келісіліпті. Бірнеше жылдар бойы ел басқару қызметін абыроймен атқарған еңбек ардагері Шахизада Әбілдин ағамыз бас болып, өзгелері бұл ұсынысты қостап, Құрбан айт мейрамына орай бұл келісу қайтадан пысықталған екен.

“Келісіп пішкен тон келте болмайды”- демейме, осы



28-күні Құрбан айт мерекесіне орай ауданымызда кең көлемде іс-шаралар өтті. Айт намазына байланысты аудан орталығындағы мешіттерге жамағаттар жиналып айт намазына қатысты. Халық мешітінде жиналған халықты аудандық мәслихаттың хатшысы Юржан Асанұлы құттықтап, игі тілегін білдірді. Айт намазына бір кісідей атсалысқан жамағат бір-бірін құттықтап, ізгі-ниеттерін білдіріп, айттан-айтқа аман есен жетуге тілек қосты. Құрбан айт мейрамына орай құрбан шалу басталды.

Осы күні ауданымыздағы мәдениет үйінің алаңына ақшанқан киіз үйлер тігіліп, ақ дастархан жайылып, келушілерге дәм ұсынылды. Жазғы сахнада мағналы әндер шырқалып ел қошеметіне ие болды. Алаң ортасында ұлттық ойындардан жарыстар өтіп, жиналғандар бақ сынасты.

Айт күнгі ерекше бір көрініс бұл Сары тоқа көшесінің тұрғындарының айт мерекесін атап өтуі болды. Осы көшенің үлкендері бас болып, ортаңғы буын қостап, жастары жақсы дәстүрді насихаттаған үлкендердің айтқанымен жүріп, бірлесе айт мерекесін тойлады.

көшенің тұрғындарының барлығы атсалысты деген ақсақал әншілерге алғысын білдірді.

Көше басындағы «Алғабас» дүкенінің алдына жиналамыз деген тапсырманы бұлжытпай орындаған көше тұрғындары дүкен маңына шоғырланыпты. Бұл ақпараттың ұшы бізге жеткеннен кейін бізде сол жерден табылды. Жатырқап жатқан жан жоқ. Аудандық аналар кеңесінің төрайымы Сәулеганым Орынғожинада осында екен. Сырнайын ұстап, мәдени сауық орталығының әншісі, елге танымал «Жанаарқа» тобының мүшесі Қамиев Алтынбекте қатарға қосылды. Таспаға түсіріп, ауған соғысының ардагері, көше тұрғыны Әбушахма ағамыз жүр. Күннің ызғарына қарамай әндетіп бірінші үйге беттегенімізде көшеден өтіп бара жатқан көлік тоқтап, әнші Балтабай Қызыров пен жары қосылды. Әнге-ән қосылып, шырқай бердік. Әзілі жарасқан жұрт қатары көбейіп, сырнайлатып, әндетіп келесі үйге беттедік. Қазақылық, қонақжайлық, сыйластық, үлкеннен ізгілік, кішіден құрмет, ұл мен келіннен қызмет, дархан көңіл,

дария пейіл шалқыған бұл көрініс өткен ата-бабаның ұмыт бола бастаған дәстүрімен қауыштырғандай мәре-сәре болды. Көше бойындағы әр шаңыраққа бас сұғып, бата беріп, ән-шырқаған көпшіліктің қатары толыға түсті. Қызық көрген немерелер ілесіп, бір-біріне айт қабыл болсын айтысып маз.

Ес білгелі бірді-екілі адамның айттап келіп, шелпек пен асқа бата қайырып, құран бағыштағанын көрген біздер мына айт мерекесін ұлықтау рәсімінің мейрам ретінде атап өту үрдісімен қайра қауышқанымызға қуандық. Әр шаңыраққа барған сайын көше тұрғындары енді былай іс-

тейік, бұрындары солай болған деген сияқты ортаға ой тастап, оны қалғаны толықтырып, дәстүр сабақтастығымен, ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, жаңа бастамаларды қолданысқа енгізу керектігі жайлы айтылып, өзара келісіліп отырды. Бұл көшенің тұрғындары болашақта Ұлық мейрам Ұлық күн Наурызды да ерекше атап өтеміз деген тоқтамға келді. Сыйластық пен ізгіліктің туын берік ұстанған көше тұрғындары береке-бірлікте, ынтымақтары жарасып, келесі үйге думандата беттеді. Бір-біріне шынайы жүректен ақ тілектер тілеп, ақ батасын арнаған жұрттың қарасы көбейе түсті.

Салтанат Аманқызы

Күмбірле-асыл домбыра

Қазақтың кара домбырасының үні - күй өнері, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасқан ұлтымыздың рухани құндылығы.



Қос ішектің күмбірімен шанағынан сыр ақтарған домбыра тілі — ел өнерін жаһанға танытқан асыл әуен. Осы орайда 23 маусым күні «Жастар ресурстық орталығы» КММ-сі ұйымдастыруымен және Балалар өнер мектебінің директорының міндетін атқарушы Уалихан Сейітұлы Шекимовтың қолдауымен күй қырандарының дәстүрлі жолын ұстанған ұрпақтар, өнер мектебінің дарабоздарымен, халық көп шоғырланған жерде «Күмбірле асыл домбырам» атты домбыра party өтті. Қос ішекте төгілген күйдің құдыретіне мойын бұрып, арнайы келіп тамашалағандар қатыры көбейіп, қошеметтерін білдірді. Қазақтың төл аспабы киелі кара домбыраның үні шарықтап жатты.

Гүлзира Мадиева,
Жастар ресурстық орталығының маманы

Құрбан айт мерекесі кең көлемде тойланды



Ауданымыздың ынтымағы жарасқан Ш.Ералиев ауылының жастары қасиетті Құрбан айт мерекесіне орай іс-шара өткізді. Ауызы дуалы ақсақалы мен ақ жаулықты анасының ақилымен сусындап өсіп жеткен жастар бірлесіп үлкен шара өткізді. Ауыл мешітінде айт намазын жамағат болып оқып, құрбан айт шалып сауапқа кенелді.

Ауыл тұрғындары бірлесе ұйымдастырылған іс-шара үлкен сайыспен жалғасын тапты. Бұл күнде өтетін іс-шаралар легін арнайы жарнама арқылы жар салған жастар белсенділік танытты. Сырттағы ауылдардан келген қатысушылар аламан, құнан, тай, топ бәйгеге ат қосып, қошқар көтеріп күш таластырып, балалар арасында күрес жарыстарына қатысып жүлделі орындар алып қайтты.

Аламан бәйге мен құнан бәйге бойынша бес жүлде тігілді. Түйе, тай, өгіз, қой, ешкі болып жалғасқан жүлде қоры тай жарысы мен топ бәйгеде тайдан басталып, соңғы ақшалай ұтысқа ие болды. Құрбан айт мейрамына жиналған тұрғындар мен жан-жақтан келген қонақтарға тойханада үш дүркін ас берілді. Ералиев ауылының тұрғындарының ұйымдастырған үлкен іс-шаралары өзгеде ауылдарымыз бен қонақ болған қауымға сауапты әрі үлгі боларлық тәрбие болғаны анық. Бірлігі бекем ауылдың жаңа бастамасы жалғасын табатынына сенімдіміз. Ауыл жастарының ғана емес еліміздің де ауыз біршілігі сарқылмасын дейміз. Жасия болса ұйымдастырып бас болған ауыл жастарына ақсақалдар мен ауыл тұрғындарының атынан алғыс білдіреміз.

М.Әзбаев,
ардагерлер ұйымының төрағасы



Құрдасым-Астанаға 25 жыл

Биыл Астананың еліміздің ордасы болып жарияланғанына - 25 жыл. Астана қаласы еліміздің жетістіктерінің айнасы. Тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасыр уақыт өтті. Әлемдік тарих үшін бұл әрине көп уақыт емес. Дегенмен осы тәуелсіздікте өткен аз уақыт қазақ халқының ғасырлық арманы болатын. Әр елдің астанасы- мемлекеттің алтын бесігі болып табылады. Өйткені ол мемлекеттің бет-бейнесі, оның жүрегі. Ал біздің Елордамыз Астана күннен-күнге қарыштап дамып келеді. Ол- болашақтың қаласы, ел тәуелсіздігінің ордасы.

Астана тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Елорда біздің

республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Астана барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай қадам басқан жарқын, қуатты, гүлденген қалаға айналды. Біздің елордамыз- Отанымыздың жүрегі, халықтың өз күшіне сенімі мен ұлы тағдыр-талайының символы болып табылады. Бүгінде Астанада, Қазақстанның барлық өңіріндегі сияқты, жүзден астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Халықтар достығы, өзара түсіністік және ынтымақтастық — Астана қаласының айнымас тағдыры.


Астана бұл күнде тек елордалықтардың ғана емес, барша қазақстандықтардың мақтанышына, сүйікті қаласына айналды. Міне сол арман қала биыл 25 жылдық мерекесін атап өтпек. Бұл барша қазақ халқының мерекесі, қуанышы.

Еңселі Елорда! Асқақтаған Астана! Туған күнің құтты болсын! Жасай бер жана Қазақстан!

Айдын Керімбай,
«Табиғатты қорғау» инспекторы

Жүрегі –айна, көңілі - ояу болған, Мұратбек ағамыздың өмір жолы ұрпаққа ұлағат!

Бұл өмірге келген соң, кетпек керек.
Ақыл-күшін жеткенше, өмір гүлін екпек керек!
Сенкібай Би



МҰРАТБЕК ЖҰМАҚАЕВ

(1956-2022)

Әр адам үшін денсаулық – бірінші, әрі зор байлық. Ал, бұл қағиданың орындалуы үшін, білікті дәрігердің рөлі ерекше. Сондықтан, түн ұйқысын төрт бөліп, науқастардың айығып шығуына себеп болып жүретін, халықтың денсаулығын жақсарту жолында қажымай қайрат еткен айтулы, абзал жан Мұратбек ағамыз болатын.

Дәрігерлік мамандық – бұл ерлік. Ол өзі-өзіне құрбан болуды талап етеді, ойдың, ниеттің адал болуын қажет етеді. Дәрігер ой-санасы анық, пиғылы, мінез-құлқы таза, адал және мұнғаздай болуы керек.

Дәрігер болу үшін бейімділік, икемдік, қабілеттілік, қасиеттері аздық етеді. Дәрігердің, сондай-ақ, науқас адамның сенімін ала білуі, ол адамды өзінің ауруымен күрестіре білуі маңызды. Сырқат жандарға күшін ғана емес, жүрегін де жұмсай білуі қажет.

Дәрігер деген кең ұғым, кәсіптік мамандық. Бұл мамандық иелерінің жауапкершілігі де мол, атқаратын жұмыстары да ауқымды. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін осынау маңызды салаға бүкіл өмірін арнаған, абзал жандар қаншама. Солардың бірі, әрі біргеіі Жұмақайев Мұратбек Дәулетханұлы ағамыз еді. Өз ісінің нағыз маманы, үлкен жүрегі және адал қызметі үшін, елі оны әрқашан елеп-ескеріп отырды. Отандық және халықаралық түрлі марапаттары да аз болған емес. Жаңа әдістер мен технологияларды енгізу арқылы Қарағанды

облыстық онкологиялық диспансерінің қызметкерлерімен бірге отырып, үлкен жұмыстар атқарды және ең алдыңғы қатарлы мамандырылған жаңа заманауи медициналық орталыққа айналуының бірден-бір себепшісі де - Мұратбек ағамыз.

Еңбек жолының бәрін, аянбай тер төгіп, өле-өлгенше ауыр дертті жазу жолына арнады.

Бағалай білген адамға, дәрігер тұғыры биік, таймас тұлға және адамға жаңа өмір, өшпес жарық сыйлау!

Сондықтан, тек ісімен ғана емес, үлкен жүрегімен емдей білген Мұратбек ағамыз, нағыз ақ халатты абзал жан болатын. Ол ақ желеңді абзал жан ретінде, адам жанының арашасы бола білді.

Мұратбек ағамызбен, сонау 1998 жылы таныстым. Ол кезде мен Қарағанды гарнизонының Әскери-тергеу Басқармасының басшысы едім. Аздап сырқаттанып, бір таныс жігіт: -Мұратбек деген, білікті дәрігер бар, мен қоңырау шалайын, егер қолы бос болса қабылдайды,- деп ағамызға қоңырау шалды. Сол уақытта, Мұратбек ағамыз Қарағанды облыстық онкологиялық диспансерінің хирургия бөлімінің меңгерушісі еді. Мұратбек ағамыз лезде келісіп, ертеңгі күні түстен кейін қабылдады. Мені бұрыннан білетін адамдай қарсы алып, өзімнен алып келген медицина құжаттарымды мұқият қарап отырып: «Сондай ауыр сырқат

жоқ, өзім ем жасаймын»,- деп келісе кетті. Сол кезден бастап, тумаса да туғандай, ағалы-інілі болып кеттік.

Ағамыздың жұмыс орнына қашан барсан да, ол кісінің қабылдау бөлмесінде, ағамызбен жолығу үшін көптеген адам отыратын. Үлкен бе, жас па деп қарамай, осы елдің бәрі: «Іші ауырса да, тісі ауырса да маған келеді»,- деп қабақ шытпай қабылдап, бәріне ақыл-кеңесін беріп жататын, қайран ағам.

Ақбота жеңгеміздің дастарханы тәуліктің қай мезгілінде даяр тұратын, сол жеңгеміздің берекелі қолынан дәм татыра отырып, тек қана сананды сәулелендіретін әңгімелер айтатын, Сол арқылы жан дауысы-жылы сөз екенін көкірек көзімізге құйып беретін. Ешқашан біреуді ғайбаттағанын естіген емеспін. Әрине, Мүрекеннің де ұнайтпайтын адамдары да болуы мүмкін. Бірақ, оның парасатты пайымына, тектілігіне қарап, бәз біреуді ұнайтпайтынынды сездіру үшін онымен керілдісіп, сөз таластырып, әуре болудың міндетті емес екенін, өз болмысы, жүріс-тұрысымен, айтатын сөзімен сездіретін. Жүрген жерінің бәрінде аталы сөз, айтулы іс қалдырып отырды. Әдемі сөйлейтін, әдемі жүріп-тұрды, әдемі қартайып келе жатты. Бұдан біз абыройлы ағалық пен кәсіптік азаматтың қандай екенін білдік.

Сонау, 1998-1999 жылдары, бір кездесіп, әңгіме-дүкен құрғанда, Мұратбек ағамыз алдына бірнеше мақсат қойып отырғанын айтып, менімен бөлісті.

Біріншісі, іні-қарындастарына көмегін аямай, өмірдің үлкен сара жолына салу, екіншісі балалары әке жолын қуып білікті дәрігер болуы, үшіншісі халқына адал қызмет істеу үшін, Қарағанды облыстық онкологиялық диспансерінің бас дәрігері болуы, төртіншісі, зейнеткерлікке шыққаннан кейін, көп жылғы тәжірибесін пайдалану үшін, ем-дом жасайтын үйдің қасына жеке меншік клиника салу болатын Аллаға шүкір, алдына қойған барлық мақсат-тілектері орындалды. Бірақ, сұм ажал ағамызды, кенеттен о дүниеге алып кетті.

Ағамыздың жарқын жүрекке ұя салған мақсат-арманы өзімен бірге есейіп, қандай қызметте жүрсе де тыным таптырмады. Сол себепті өзін-өзін үнемі қамшылап, алға жетелеумен болды. Сана-сына өмір бере алды. Ең бастысы өз өмірін өзі орындауға күш-қайраты жетті. Адамның ұзақ өмірінде кездесетін қиын-қыстаулар басты қиындық емес, басты қиындық адамның өзі, кез келген адамның бойынан табылатын пенделік осалдықты ысырап тастап, өзін-өзі жеңе алуы. Олай болса, Мұратбек ағамыз Абай айтқан бес дұшпаннан қашық жүріп, бес асыл іске асық болған, барлық қажыр-қайратын сол асқақ арман-мұратына жетуге сарқып жұмсаған және арман-мұратына жеткен қайраткер.

Иә, үлкен жолды адамның өткен өміріне зер салып қарайтын болсақ, оның иірім-иірім тұстары көп, күрделі кезеңдерді бастан өткерген толағай тұлғалы азамат екендігіне көз жеткіземіз. Мұратбек ағамыздың медицина саласындағы көп жылдық ерен еңбегі, Қазақ елінің игілігіне жұмсалып, мемлекеттің нығаюына арналды.

Сондықтан, біреулерге бір нәрсені қайта-қайта шегелеп, тықтап қоймайтын маза-сыз ағаларымызды көргенде, соның бәрін қас-қабағымен аңғартатын Мүрекен еске түседі және беймаза ағаларымызды көргенде Мұратбек ағамыздың парасатты бейнесін іздейміз және ағамыздың бейнесі, елдің ұғымында бітімгер бидің тұлғасындай жатталып қалды.

Сонғы рет кездескенде: «Бауырым, жасыратыны жоқ, кейінгі кезде тез шаршайтын болдым, Алла қаласа, жазда демалысқа кетемін, Жұмеке, бір-екі күн далаға шығып, балық аулап қайтсақ қалай болады?» - деп қолқа салып еді. Бір-екі күннен кейін, ағамызға қоңырау соғып: «Демалыс күні Жаңарқаның Қарағаш-Қызылағашына барып қайтуға уақытыңыз бола ма?» - деген едім. Балаша қуанып: «Қарағаш-Қызылағаш әдемі жер ғой, өте дұрыс болды, онда

ненбі күні екі баламды алып, екі автомашинамен шығып кетейік!» - деп келісе кетті. Бірақ, өкінішке орай, сол күндері, қыстың қаталдығын көрсететін, табиғи дүлей күштің бірі - ат құлағы көрінбейтін боран бір жеті соғып, біздің саяхатымыз аяқсыз қалды. Осыдан кейін, бір-екі жетіден кейін ағамыз кенеттен қайтыс болып кетті.

Міне, 2023 жылғы ақпан айында «Халықтың Мұратбегі» деген, дәрігерлік сертін өле-өлгенше берік тұғырда ұстаған, барлық саналы өмірін ел игілігіне арнаған, Қарағанды облыстық онкология орталығын жиырма жылдай басқарған Мұратбек Дәулетханұлы туралы еліміздің зиялы қауымының, дос-жарандарының ыстық ықыласын, туған-туыстарының, іні-қарындастарының сыр-сұхбатын, медицина саласындағы үзеңгілес әріптестері мен шәкірттерінің жүрекжарды лебіздерін, дара тұлғаның табиғи болмысын ашатын туынды жарық көрді. Бұл құнды кітап еңбекқор, шипагер тұлғаның кәсіби-адамгершілік іс-әрекеті мен парасат-пайымын бағамдап, ғибратты ғұмырын, тұлғалық қасиеті мен даралық болмысын түсінгісі келетін еліміздің барлық



қырмандарына арналған.

2023 жылғы маусымның 13 күні ес білгелі Мұратбек ағамызбен тай-құлындай бірге өсіп, бірге есейіп, мектепте он жыл бірге оқыған, мектеп бітіргендеріне 50 жыл толған сыныптастарының бастамасымен, өнегелі іс-шара - Түгіскен (Жеңіс) ауылындағы Жанайдар Садуақасовтың атындағы орта мектептің қабырғасына Мұратбек Дәулетханұлына арнап естелік тақта (мемориальная доска) орнатып, мектептің мұражайына ағамыздың үлкейтілген суреті мен өмірбаяны жазылған стенд қойған екен. Одан басқа, ағамыздың әруағына Құран бағыштап, халыққа ас беріпті.

Міне, ағамыздың өмірде достарымен қарым-қатынасы қандай болса, достарының да адалдығы, қайырымдылығы мен сыйластығы, шынайы достықтың жылы лебізі ешқашан да ұмытылмайды. Ағамызды еске алып, келер ұрпаққа өнегелі іс-шара өткізген жан достарына алғысымыз шексіз, бәрімізге Алланың жақсылығы мен нұры жауып, ұзақ ғұмыр берсін!

«Өлді деуге бола ма, ойларды, өлмейтұғын артына сөз қалдырған!» - деген, ұлы Абайдың сөздері Мұратбек ағамызға қаратып айтсақ, артық айтпаған болар едік. Ағамыз артында өлмес сөз, өшпес із, ұмытылмас іс қалдырған нағыз Тұлға екені даусыз!

Сарыарқаның кең даласындай дархан мінезді, ата-бабадан дарыған тектілігін ғұмырының соңына дейін ұлы қасиеттерімен ұштастыра білген, ел-жұртына сыйлы, дос-жарандарына адал, адамның өмірі мен денсаулығына сақтай білген дәрігерлік мамандықтың майталманы Мұратбек ағамыз - біртуар дара тұлға, жүз жылда бір туатын азамат! Бірақ сұм ажал ағамызды, кенеттен о дүниеге алып кетті. Әрине, көргені, түйгені мен білгені көп Мұратбек ағамызбен бірге талай ақыл-қазына да кетті. Оның кейбір ішкі әлемі де бізге жұмбақ күйінде қалды. Алыстаған сайын, нар тұлға биіктей береді деген осы шығар!

Шоженов Жұмағұл,
Ұлытау облыстық сотының судьясы
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі



Мұратбек ағамыздың өмірі мен еңбегі туралы біздің бейнесін іздейміз және ағамыздың бейнесі, елдің ұғымында бітімгер бидің тұлғасындай жатталып қалды.

Жасындай жарқ етіп сөнген ғұмыр

Ұмытылмас мәңгі бейне



Әйгерімнің өмірден озуы бәрімізге ауыр соққы болды. Көркіне ақылы сай, салған әні көңілге жай болатын аяулы жар, асыл ана арамыздан келместің кемесіне мініп кете барды. Не бары 39 ақ жас. Оның маңдайына тағдырдың жазғаны осы екен ау.

Бекзат пен Әйгерім жаратылысы бөлек жандар. Ауылдың той-домалағы, соғым науқанында Бекзат жүреді. Екеуі бір-біріне лайық қосылған еді. Қашан барсаң да кең құшақтарын жайып, қарсы алатын. Жайылып жастық, иіліп төсек болатын Әйгерім шаңырағының шуағы еді. Жайдары мінезді жаннан тек жылу тарайтын.

Мектебіміздің оқушысы болған ол кейін жаңа мектепке көшкен соң біраз жыл бірге жұмыс атқарды. Өзісіне жауапкершілікпен қарайтын, бала жүрегінен жол таба білетін жан еді. Өткен ай. Қайтейік Алла алдынан жарылқасын. Мәңгі жүрегімізде сақталасың. Артында жылап қалған жарың Бекзатыңмен бес балапаныңа Алла өзі ұзақ ғұмыр, сабыр берсін. Жаның жәннаттің төрінен болсын. Әйгерімге емі үшін көмек қолын созған барша жанға алланың нұры жаусын.

Секер Рахметова

Бала жанының бағбаны еді

Әйгерім туралы естелік айту біз үшін қиын. Оның қазасы санамызды сансыратқан ауыр қаза болды. Оның қандай жан болғанын бүкіл ауыл, достары, көрші көлем, ағайын туыс жақсы біледі. Әйгерім жайлы сан естелік айтылып, елдің жүрегінде аяулы бейнесі қалатыны анық. Біз бір мектепте ұрпақ тәрбиесіне атсалысқаннан кейін оның жұмыс барысындағы кескін келбеті көз алдымызда. Адамдық ар-ожданы, оның жақсы қасиеттері, әріптестер ортасындағы абырой-беделін көзге жас алмай айту мүмкін емес. Ерекше жаратылыс иесі, жүрегі таза, жаны нәзік, адамдық ар-ожданды биік қойған, айналасынан тек жақсылық көретін жан еді. Ол әлеуметтік педагог болғаннан кейін мектебіміздегі оқушылардың жазғы демалысы, әлеуметтік жағдайына байланысты отбасылардың балаларының асханадан тамақтануы, мектептік құрал-жабдық, киім-кешекпен қамтылуы барлығына жауапты болатын. Әйгерім өзі атқарған жұмысына бар зейінін салып, мүлтіксіз қызмет атқарып, сол саланың отымен кіріп, күлімен шықты. Ол әр оқушының жан дүниесін түйсінді, сезінді, солармен қызу жұмыс жасады.

Әлеуметтік сала болған соң онда түрлі категориялар бар. Аз қамтылған отбасы, көп балалы отбасы, АСП алатын отбасы, жетім балалар сияқты ішнара бөлінетін топтардың балаларының құжаттары дұрыс болмағанда қолын бір сілтеп қоя салмай солардың жеңілдікке ие болулары үшін өзі құжаттарын реттеп, дайындап, жанашырлық танытып жататын. Ол әр баланың әлеуметтік жағдайына бойлап, нақты қажеттілігін растап, анықтап сауапты іс жасайтын. Тағдырының келте боларын сезді ме Әйгерімнің өн бойынан жақсылықтың лебі есетін. Ол сауапты іс жасауға асығып тұратын, алғыс арқалаған жан еді. Онымен ақылдаса қалсаң мектептің әр баласының жанашыры екенін аңғарасың. Ол үшін біздің мектептің әр оқушысы жеке тұлға болатын. Ол оқушының нәзік жүрегін, талғамын, жан-жақты бағалап, саралайтын сарапшы болатын. Ол әр оқушының –жанашыр, қорғаушысы еді. Мектеп болғаннан кейін оқушылар арасында тәртібіне байланысты түрлі жағдайлар болып, кейде балаларды мектеп ішілік есепке алу жағдайлары анықталады. Сондай кезде Әйгерім оқушы үшін шырылдап, сол балалардың тізімге енбеуі үшін жұмыс жасайтын еді. Әр баланы өзінің баласындай жақсы көріп, аялай түсетін. Әйгерімнің жүрегінде имандылығы жоғары, кішіпейіл, қатарластарынан озық тұратын еді. Кең жүректі, мейірбан ана, әріптестер арасында сыйластықтың озық үлгісін көрсеткен, үлкенге сыйлы, кішіге қамқор, жүрген ортасына тек жақсылық сыйлай білген әріптесіміздің қазасы бізге өте ауыр. Иманды болсын.

Мақсат Арунов



Қыс. Өмірге таңмен таласа туған шақалаққа сүйсіне қараған ата-анасы мейірім төге түсті. Мына өмірден бейхабар бөпе құндақтаулы қолымды босат дегендей тырбанып, тыжырайып қояды. Жүзін күн қақтаған отағасы пысылдап жатқан бобекті құшырлана иіскегенімен жұпар иісіне қанар емес. Анасының аялы алақанында жатқан бөпе біресе сығырайтып көзін, біресе кішкене аузын ашып, ақ мамасын іздеп бұлқынып қояды. Жаңа туған бөпесіне ақ төсін ұсынып, бауырына басқан анасының қуанышында иек жоқ.

1984 жылы 11 қаңтарда дүниеге келген Әйгерім Еркінқызының өмір көгіндегі керуені осылай басталған еді. Әкесі Еркін мен анасы Айманның шаңырағындағы төрт баланың үшіншісі болып дүниеге келген ол отбасының мейірімі мен шуағына бөленіп, алдындағы Әлия әпкесі мен Алпыс ағасына, соңында Толғанай сіңілісінің арасында еркелікпен ер жетті.

1991 жылы Ақтау ауылындағы мектептің табалдырығын аттап, білім бастауынан нәр алады. 6 сыныптан бастап Ақтау орта мектебінде білімін жалғастырып, 2001 жылы мектеп қабырғасынан қияға қанат қақты.

Сол алтыншы сыныптан басталған өмір-тарихы ақтаулықтардың көз алдында. Әннен шашу шашып, айналасына мейірім- шуағын төгетін Әйгерімнің әр мерекелік іс-шарада белсенді болып ортада жүретіні, қатарластарының алды болғаны, бойжеткенге тән инабаттылық пен нәзіктіктің тал бойынан табылып, басқан ізі білінбейтін биязылығы оны ерекшелей түсетіні бәрі есте. Ауыл бозбалаларының іштей арманына айналған Әйгерім сол жылы Бекзат Боранұлының аяулы жары атанып, бір әулетке келін болып түседі.

Мектепті жаңа бітіріп, жаңа өмірге қадам басқан бойжеткен Әйгерім енді ауылдастар арасында бір шаңырақтың түтінінің түзу шығуына атсалысып, қазақ қыздарына тән келіндік міндетке кіріседі. Ерте тұрды, кеш жатты, бітпейтін отбасының тірлігін атқара жүріп, сол үйдің тәлім-тәрбиесін меңгерді, соған қарай бейімделді. Келген шаңырағының алғашқы келіні болған ол білмегенін енесі мен ата-анасы-

нан, ағайын-туыстан, маңайындағы көрші-көлемнің үлкендерінен үйрене түсті. Білуге жалықпайтын, үйренуге құштар ол әр нәрсенің байыбына баратын сабырлығынан жаңылған емес. Өмірге бес құлыншақ әкеліп, олардың тәрбиесімен айналысты. Тұңғыштары - Жалғас Қарағанды Университетінің соңғы курс студенті, шабандоз, көкпардың палуаны. Акеркесі Ақтау ЖББ мектебінің биылғы жылғы түлегі, үздік аттестат иесі, Жарас 11 сыныпқа көшкен оқушы, Инжу 6 сынып оқыса, Маржаны-5 жаста.

Әйгерім осы балаларды өсіре жүріп, өзі де білім алып, білікті маманға айналған еді. Ақтау орта мектебінде әлеуметтік-педагог қызметін абыройлы атқарған ол Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі. Шаршадым демей, шалдығуды білмей өмірге құштар қалпынан жаңылмаған ол жары Бекзаттың сенімді серігі еді. Екеуі бір-бірін толықтырып, біртұтасқа айналған бақытты отбасының темірқазықтары болды. Жанарынан жылылық, жүрегінен мейірім төгілген Әйгерім келген жеріне сыйлы, мейірбан келін атанды.

Үлкендердің, Мақсат қайын ағасының алдын кеспей, Айнагүл абысынымен апалы-сіңілідей күн кешті. Олардың төрт баласын мектеп уақытында өзінің бес баласына қосып тәрбиелеп,

білгенін үйретуден жалыққан емес. Ағайын-туысқа сыйлы, жүрген ортасының сәні болған Әйгерімнің аяқ асты науқасқа шалдығуы оны танитындардың барлығын бей-жай қалдырмады.

*** ** *

Үміт... Өшпейтін сәуле, өлмейтін көңіл... Үмітті едік... Соңғы демі қалғанша үміттендік. Әйгерімнің сүйетін елінің жасуынан түскен сәулеге қарағандай медицинасы дамыған түрік мемлекетінің атакты ем ордасының шипасына үміттеніп еді. Әттен... Сығырайған сәуленің өшкені үкілеген үміттерді үзіп кетті. Өкінішті.

Наурыз айының соңында әлеуметтік желілерде Әйгерімнің отасына қыруар қаржы керек деген жарнама тарайды. Әйгерімді жақсы көретіндер, танитындар, ағайын-туыс, көрші-қолаң, ауылдастар жұмыла жүріп жарнаманы таратып, қаржы жинауға атсалысты. «Көп түкірсе көл»-демейме ораза айы болған сәуір айының соңына қарай

Өмір. Үміт. Өкініш.

қажетті қаржы жиналды. Отбасымен бірге Әйгерім үшін

баршамыз қуандық. Әйгерім әне-міне оралардай оның жолын отбасымен бірге тостық. Сағаттап қал-жағдайын білмесек те көргендерден отаның қашан жасалатыны жайлы сұрап, тілектес екенімізді аңғартып, тілеулес дос-пейіл таныттық.

Бүгінгі таңда экологиялық жағдай ма болмаса ас-ауқатқа қосылатын түрлі қоспалардың зияны ма ауру аяқ асты жабысып, демде меңдеп алатын болды. Басы ауырып, балтыры сыздамай-ақ тосыннан осындай кеселге тап болатындардың қатары көбейді. Жайнадап жүрген жанның лезде дімкәсқа айналуы, болмаса дертінің дауасыз болып, дендеп кетуі жиілеген. От пен суды тілсіз жау деп сақтансақ, опасыздық танытып, ошағына ойран салдырып, опынтып кететін обыр ауруының бұрын атын естисек қазір жаман ауру жұғыпты, содан көз жұмыпты деушілердің қатары көбейген.

Әйгерімнің науқасы да тосыннан соққан жасындай жанарларға жас үйіріп, жүректерге жүк болғаны жасырын емес. Үміттің отын үрлеп шет ел асудағы мақсатта жанға сауға еді. Күмілжіп тұрған күдікті ақ қалаттылардың аман қалады деген бір ауыз лебізі кейін сырған болатын.

*** ** *

Қазақта өзі екі ауру бар, біреуі көз тиген, біреуі тіл тиген деп әзілдесіп жатқанымызбен осы сөздің астары ақиқатқа тірелгендей. «Тіл тас жарайды, тас жармаса бас жарайды»-деп бекер айтылмаса керек. Тілге тиек болуы үшін алдымен көруіміз керек. Көз сүйсінгеннен кейін тілге

жан бітіп, суреттей бастайтынымыз бар. Көз-өткір. Өткір нәрсенің-қиып түсетіні тағы бар. Осындайда әдемілікке, сұлулыққа сүйсінетін көздің де сұғы бар ау дейсің. Өрімдей келіншектің әдемілігіне, әсемдігіне, инабаттылығы мен ізгілігіне, жан жары Бекзатпен қол ұстасып, сыйластықтың символы болған ерке мінезіне сүйсінетіндер, сұқтанатындардың аз болмағаны рас. Осындайда көз тиді ме екен, болмаса тіл өтіп кетті ме дейсін.

22 жыл қолұстасып, бақыттың бал шырын шағын кешкен отбасыны ауыр қаза аямай соқты. Аңырап ана, аналап бала қалды. Әйгерімді танитын бүкіл адам көздің жасын көл етіп, қайғының қара бұлтын сейілтуге жұмылды. Соңғы айларда шетелде болған Әйгерім өз үйі өлен төсегін сағынды ау, бес баласын соңғы рет иіскеп, мауқын баса да алмады ау, құлының деген анасының аялы алақанын сезінбеді ау, жан-жарының қамқорлығын түйсінгенімен тілдеспей, жүздеспеді ау, ағайын-дос жаранның ақ пейіліне ризашылығын сөт сайын айтқанымен араларында соңғы сәтте болмады ау, өзі қамқорлығын аямайтын оқушыларына дем бере қарамады ау деген сынды өкініштерді тізбектесек жетерлік. Өкініштің уын ішіп, дәмін татқан оны білетіндердің бар тілеуі жайраң қаққан Әйгерімнің жаны жұмақта болуы. Бақұл бол бауыр ет бала, сүйікті жар, аяулы ана. Сен мәңгі тірісің өзінді белтіндер, құрметтейтіндер барда.

Салтанат Аманқызы

1 шілде 2023 жыл

7

ЖАНААРҚА

ЕСКЕ АЛУ



Сәкен ауылының тұрғыны болған аяулы анамыз, сүйікті әже **Шишмағанбетова Жәмиләнің** арамыздан алыстап дүниеден өткеніне 8 шілде күні 40 күн толады. Анамыз ақ көңіл, мейірімді, көпшіл жан еді. Анамыз өмірінің 25 жылын аспазшылыққа арнап, 85 жасқа дейін тігін тікті. Аяулы анамыздың жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын деп Алладан тілейміз.

Анажан шаңыраққа болдың пана.
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда.
Сағындық ана, сізді баршамыз да.
Жан-ана, балаларының тірегі едің.
Тірі болсаң жаркылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда.
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Сағына еске алушылар: балалары, немерелері, жиендері, шөберелері
8 шілде күні сағат 13.00-де Сәкен ауылының тойханасында аяулы анамыздың өмірден өткеніне 40 күн толуына орай құдайы асы беріліп, құран бағышталды

Жарамсыз деп танылсын

Абай көшесі 35 үйдің иесі **Ахметова Бақыт Иманбаевнаның** атына 2023 жылы берілген б/н қабылдау актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын

*** **

А.Сейдімбек көшесі 39-2 үйдің иесі **Матин Дулат Каратаевичтің** атына 2012 жылы берілген №12-0915-391 үйді жекешелендіру туралы келісім шарттың дубликаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын

АХАТ БӨЛІМДЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРМЕЙДІ

АХАТ бөлімдері Мемлекеттік корпорация құрамына берілгеннен қызмет көрсету тәртібі бұрынғысынша қала бермек. Некені тіркеуге өтініштерді қабылдау, өңдеу, сондай-ақ шешімдер қабылдау және нәтижелерді беру АХАТ органдарымен жүзеге асырылады. Естеріңізге сала кетейік, 1 шілдеден бастап АХАТ бөлімдері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бағынысына берілетін болады. Алайда, бұл өзгеріс АХАТ аудандық және қалалық бөлімдердің қызметіне әсері жоқ. Әдеттегідей жұмыстарын атқарып, электрондық үкімет порталы арқылы онлайн өтініш беру мүмкіндігі сақталады.

Сондай-ақ, қызмет көрсету стандарттары, оларды қарау тәртібі мен мерзімдері өзгеріссіз қалады. Бұдан басқа, мемлекеттік корпорацияда АХАТ қызметкерлеріне жүктемені төмендетуге мүмкіндік беретін қосымша штаттық бірліктер көзделген.

Айта кетейік, некеге тұрғысы келетіндер тіркеуші органға жеке басын куәландыратын құжаттармен бірге келуі керек. Бұл некені тіркеудің белгіленген күнінде жасалады. Өтініш берген кезде қызмет алушылар неке қию рәсімін салтанатты жағдайда немесе қарапайым түрде өткізуді өздері таңдай алады. АХАТ қызметтерін тек тіркеуші органның қызметкерлері көрсететінін атап өтеміз. ХҚКО операторларын қоса алғанда, Мемлекеттік корпорацияның басқа қызметкерлері АХАТ ақпараттық жүйесіне қол жеткізе алмайды. АХАТ бөлімдерінде әлеуметтік маңызы бар қызметтер, атап айтқанда бала тууды тіркеу, қаза болуын тіркеу тегін болып қалады. Ақылы қызметтердің тарифі қосымша құн салығын ескере отырып есептеледі.

Тексеру жүргізудің тәртібі мен негіздерін түсіндіру

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңға сәйкес тіркеу сатысында тексерулерді тағайындаудың негізділігін зерделеу арқылы кәсіпкерлердің құқықтарын мемлекеттік органдардың олардың қызметіне заңсыз араласудан қорғау болып табылады.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеуші саясатты енгізу туралы» Заң күшіне енді.

Реформа шеңберінде Кәсіпкерлік кодекске тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу тәртібіне қатысты өзгерістер енгізілді.

Кәсіпкерлік кодекстің өзгерістеріне сәйкес бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін бақылау тексеру, тергеп-тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Профилактикалық бақылау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тәртіп салалық, заңнамада айқындалады.

2) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тәртіп кәсіпкерлік Кодекспен айқындалады, жартыжылдық тізім негізінде жүргізіледі.

3) бақылау сатып алу-сату (тәртіп салалық заңнамамен айқындалады, хабарлама сипатында болады).

Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) тексерулер, берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жіберілген хабарлама бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер рұқсат беру құжаттары мен қызметінің басталғаны туралы хабарламалар берілген жағдайда жүргізіледі.

2) жоспардан тыс тексерулер-адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне тікелей қатердің алдын алу және жою мақсатында нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексерулерді тағайындау үшін негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша бақылау және қадағалау органы тағайындайтын тексеру болып табылады.

Жоспардан тыс тексерулерді тағайындау негіздері Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабы 5-тармағымен қарастырылған.

Бақылау нысандарының бірі болып табылатын тергеп-тексеру мемлекеттік органдардың Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын іс-қимыл кешені болып табылады. Тергеп-тексеруді жүргізу тәртібі салалық заңнамада айқындалады.

Тергеп-тексеруді тағайындауға негіздер Кәсіпкерлік кодекстің 144-4 бабының 3-тармағымен қарастырылған.

Талаптарға сәйкестігін тексеру бекітілген кесте, бұрын берілген рұқсаттар не келіп түскен хабарламалар, сондай-ақ тексеру басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын берілген тексеру жүргізудің басталғаны туралы хабарлама болған кезде, оның басталу күні көрсетіле отырып тіркеледі.

Тергеп-тексеру және бақылау мақсатында сатып алу құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарында тіркелмейді.

Сонымен қатар, тіркеу және есепке алу субъектілері бақылау сатып алуды, тергеп-тексеруді өткізудің басталғаны және олардың нәтижелері туралы құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын шешім қабылдау қорытындылары бойынша келесі жұмыс күні ішінде «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесі арқылы хабардар етеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдар тарапынан негізсіз тексерулер тағайындау фактілерінің жолын кесу үшін «Qamqor» ақпараттық сервисі мен мобильді қосымшасы жұмыс істеуді жалғастырады.

Тіркелген пайдаланушыларға мобильді қосымша арқылы алдағы тексеру туралы хабарлама жіберіледі.

Тексеру туралы толық ақпаратты Комитеттің www.qamqor.gov.kz порталы арқылы тиісті өріске тексеру актісінің тіркеу нөмірін толтыру арқылы алуға болады.

Мемлекеттік органдармен кәсіпкерлерге қатысты заңсыз тексерулер тағайындалған жағдайда Ұлытау облысы бойынша басқармаға (мекен-жайы: Жезказған қаласы, Алашахан даңғылы, 1, №220 кабинет) келу арқылы немесе 8(702)756-33-22 байланыс телефонына қоңырау шалу арқылы хабарлай аласыздар.

Ұлытау облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқарма

Разъяснение порядка и оснований проведения проверок

Одним из основных направлений деятельности органов правовой статистики и специальных учетов является защита прав предпринимателей от неправомерного вмешательства в их деятельность государственных органов путем изучения обоснованности назначения проверок на стадии их регистрации в соответствии с Законом «О государственной правовой статистике и специальных учетах».

С 1 января текущего года вступил в силу Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам внедрения новой регуляторной политики в сфере предпринимательской деятельности».

В рамках реформы в Предпринимательский кодекс внесены изменения, касающиеся порядка организации и проведения проверок.

Согласно внесенным изменениям, контроль за деятельностью субъектов контроля и надзора осуществляется в форме профилактического контроля, проверки и расследования.

Профилактический контроль подразделяется на виды:

1) профилактический контроль без посещения субъекта (объекта) контроля и надзора (порядок определяется отраслевым законодательством);

2) профилактический контроль с посещением субъекта (объекта) контроля и надзора (порядок определяется Предпринимательским Кодексом, проводится на основании полугодового списка);

3) контрольный закуп (порядок определяется отраслевым законодательством, носит уведомительный характер).

Проверки делятся на следующие виды:

1) проверки, проводимые на соответствие квалификационным или разрешительным требованиям по выданным разрешениям, требованиям по направленным уведомлениям в соответствии с Законом "О разрешениях и уведомлениях" (проводятся при условии, выдачи разрешительных документов и уведомлений о начале деятельности);

2) внеплановые проверки, назначаемые государственными органами по конкретным фактам и обстоятельствам, послужившим основанием для назначения в отношении конкретного субъекта (объекта), с целью предупреждения и (или) устранения непосредственной угрозы жизни и здоровью человека, окружающей среде, законным интересам физических и юридических лиц, государства.

Основания назначения внеплановой проверки предусмотрены пунктом 5 статьи 144 Предпринимательского Кодекса.

Расследование как одна из форм контроля представляет собой комплекс действий государственных органов, осуществляемых в соответствии со статьей 144-4 Предпринимательского Кодекса и иным законодательством Республики Казахстан. Порядок проведения расследования определяется в отраслевом законодательстве.

Основания назначения расследования предусмотрены пунктом 3 статьи 144-4 Предпринимательского Кодекса.

Проверки на соответствие требованиям регистрируются при наличии утвержденного графика, ранее выданных разрешений либо поступивших уведомлений, а также уведомления о начале проведения проверки, выданного не менее чем за тридцать календарных дней до начала проверки с указанием даты ее начала.

Расследование и контрольный закуп не регистрируются в органах правовой статистики и специальных учетов.

Вместе с тем, государственные органы посредством информационной системы «Единый реестр субъектов и объектов проверок» уведомляют органы правовой статистики и специальных учетов о начале проведения контрольного закупа, расследования и об их результатах в течение следующего рабочего дня по итогам принятия решения.

Также сообщаем, что для пресечения фактов необоснованного проведения проверок со стороны государственных органов функционируют информационный сервис и мобильное приложение для предпринимателей «Qamqor».

Зарегистрированным пользователям посредством мобильного приложения направляется уведомление о предстоящей проверке.

Подробную информацию о проверке можно получить через портал Комитета www.qamqor.gov.kz, заполнив регистрационный номер акта проверки в соответствующее поле.

В случае назначения государственными органами незаконных проверок в отношении предпринимателей Вы можете обратиться в Управление по области Ұлытау по адресу: г.Жезказған, проспект Алашахана, дом 1, кабинет №220 или по номеру телефона 8 (702) 756-33-22.

Управление по правовой статистике и специальным учетам по области Ұлытау

Құқықтарын қорғау үшін прокуратураға жүгіну тәртібін түсіндіру

Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын жан-жақты, сапалы қарау, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру прокурорлар жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының қабылдануына байланысты прокурорлардың жолданымдарды қарау негіздерінің нақты тізбесі айқындалды.

Прокурордың дауға араласуын болдырмайтын, нақты уәкілетті органдардың жолданымдарды қарау қажеттілігі, қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокуратура органдарының өзге де мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмауын «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 5-бабы 4-тармағының талаптарымен көзделген.

Аталған заңға сәйкес прокуратура органдары келесі жолданымдарды қарайды:

- өзін қорғай алмайтын адамдардың (физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және басқа жағдайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын), шектеусіз адамдар мен кәмелетке толмағандардың мүддесі үшін;
- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатерді болғызбау мақсатында;
- заңдылықты бұзу фактілері бойынша оларды жоймау адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғатын;
- Қазақстан Республикасы Президентінің және Бас Прокурордың тапсырмалары бойынша.

Жоғарыда көрсетілген санаттардан басқа, егер адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау құзыретіне кіретін, уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе не уәкілетті орган болмаған кезде прокуратура органдарымен жолданымдар қаралады.

Сондай-ақ, Азаматтық процессуалдық кодекске сәйкес прокурорлар мемлекет пен қоғамның, өз құқықтарын өз бетінше қорғауға қабілетсіз адамдардың мүдделері қозғалған жағдайларда, сондай-ақ заңда белгіленген немесе прокурордың қатысуы қажеттілігін сот мойындаған жағдайларда ғана сот шешімдеріне шағымдарды қарауға өкілетті.

Өз кезегінде, жеке-құқықтық даулар бойынша дауласушы тараптар сот актілеріне сотқа дербес шағымдануға тиіс.

Сондықтан, егер жолданымдар көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе, онда азаматтар мен заңды тұлғалар өз құқықтарын қорғау үшін тікелей уәкілетті органдарға немесе сотқа жүгінуі керек.

Бұл талаптар қарау тәртібі қылмыстық-процессуалдық, азаматтық- процессуалдық кодекспен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамамен, сондай-ақ жедел-іздістіру және қарсы барлау қызметі саласында белгіленген жолданымдарға қолданылмайды.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды білу жолданым берушілерге қажетті адресатқа дереу жүгінуге мүмкіндік береді, яғни, мәселелерін шешуді жеделдетеді.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Жаңаарқа ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ қызметшілерінің әдеп кодексін, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтарды бұзған фактілері жөнінде хабарлау үшін 2-62-64 номерлі сенім телефоны жұмыс істеп тұрғанын хабарлаймыз.

Жаңаарқа ауданының экономика және қаржы бөлімі ММ

Астана-ару қала



Ел ордасы- Астана мақтан қалам,
Сүйсінген сымбатына барша ғалам.
Астана мерейтойын құтты болсын,
Сүйсініп сымбатыңа мен таңқалам.

Көгінде көк байрағы желбіреген,
Мейрімді анамдайсың елжіреген.
Сымбағың сағат сайын сән түзеген,
Ерке Есіл толқи ағып мөлдиреген.

Бәйтерегі көк тіреп, бұлт оранған,
Балаларға бар талай қызық-думан.
Кең көсіліп, көз тартар қарағайы,
Қорған болып қалаға қалың орман.

Көк тіреген күмбезді мешіттерім,
Айқара ашқан ұл-қызға есіктерің.
Имандылық дән сеуіп ұрпағына,
Бейбіт күнде тербелсін бесіктерің.

**Бақдәулет Тілеубай,
7 сынып оқушысы,
№1 лицей-мектебі**

Хабарландыру!!!

Мерекелік демалыстарға байланысты 8 шілде күні газет шықпайды. Газеттің келесі саны 15 шілде күні шығады

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



Ардақты бауырымыз, қымбатты да аяулы жан **Үрпекова Ұмыттық Аманбайқызын** 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Бүгінгі тойыңыз ырыстың бұлағы болсын. Отбасыңыз үбірлі, шаруаңыз дүбірлі болсын. Алдыңызда ақ мол болып, басыңызға бақ келіп қонсын. Бауырымызға әлемдегі бар игі жақсылықтарды тілейміз. Алланың тарту еткен әр күні тек қуаныштардан тұрсын. Тәтті өмірдің бақытына кенеліп, бау-бақшадай көгеріп өсіп-өніп, бақытты да ұзақ өмір кешіңіз.

Бала-шаға бақытына бөленіңіз. Бір Алла жақ болсын, жүрген жолыңыз әрдайым ақ болсын.

Туған күн ерекше күн әрбір жанға,
Бауырымызды асықтық құттықтауға.
Бар жақсыны тіледік бір өзіңізге,
Армандарыңыз орындалсын бұл өмірде.

Денсаулығыңыз мықты боп әрқашанда,
Жүре беріңізші жадырап ортамызда.
Демеп жүрер жанның бірі сізсіз қиналғанда,
Үзілмесін арамыз ешқашанда!!!

Құттықтаушылар: бауырлары, келіндері

Бойына жиған жақұтты



Шегінен өнегелі мұсылман жан.

Солардың бірегейі Жолбарысым.
Адамнан аямайтын қолғабысым.
Білімі әр ісіне сай келетін,
Ойдың да дөп айтады орамдысың.

Жалғасы асылдардың бүгінде өзің.
Ағысқа тайсалмастан қарсы жүздің.
Ордалы отбасының ақылшысы,
Әулеттің де мәуелі тірегі өзің.

Ел құрметі қашаннан білем бөлек.
Өмірде жинап өскен тәжірибиеніз көп.
Еңбегіңіз әлі де жарқырасын,
Жазатын жырымда көп, тілегім көп.

Салт-дәстүрден жаңылмас мәрт едінің.
Өсіп - өнсің шөбере, немереніз.
Омырауға әлі сан Орден қонсын,
Мәңгілік пәс болмасын мәртебеніз!

Ізтолеу Бекенұлы,

**ҚР Журналистер Одағының мүшесі,
ақын**

Біздің ауыл басқаға ұқсамаған.
Таң сәріден салады құстары ән.
Жері құт, елі текті, бірлігі нық,

Хабарландыру

«Жаңаарқа ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі Жаңаарқа ауданы, Бидайық ауылдық округінде орналасқан ұзындығы 14179 метр, ені 4 метр, биіктігі 1,5 метр құрайтын магистралдық арнаны коммуналдық меншікке алу үшін сотқа өтініш беретінін хабарлайды.

Аталған магистралдық арнаға байланысты талап – арыздар мен шағымдар хабарландыру жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күннің аралығында мына мекенжайда қабылданады: Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Тәуелсіздік даңғылы 2/1.

«Жаңаарқа ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ.

Телефон: 8(71030) 2-86-98, 2-67-65

Спорт

Волейбол



Е.Шаханов атындағы тірек мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жанар Әбедбайқызының 55 жасқа толуына байланысты жасөспірімдер мен ересектер арасында волейболдан аудандық ашық

турнир өткізілді. Турнирге ауданның ауылдық округтерінен, Жәрем, Қаражал қалаларынан 8 командадан 128 спортшы қатысып, өз шеберліктерін көрсетті.

Турнир салтанатты жағдайда ашылып, аудан әкімінің құттықтау хатын Жанар Әбедбайқызына аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Қарабаев тапсырды. Жанар өзі еңбек еткен мектебінде барлық өнерімен, білімін, тәжірибесін шәкірттеріне сіңіруге жұмыс жасайтын ұстаз. Ауданда өткізілетін спорттық жарыстардың ұйытқысы. Бірнеше рет аудан құрама командасын облыстық жарыстарға апарып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Спорт сүйер отбасынан шыққан Жанар әке тәрбиесімен спорт алаңынан өз жолын тапты деуге болады. Мерейлі жасын отбасында ғана емес спортшылармен атап өтуге бел бұған Жанар, ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімімен бірлесіп отырып, осы турнирді өткізуді жөн көрді. Мерейлі жасың жалғаса берсін. Турнир қортындысы бойынша оқушылар арасында I орынды Бидайық ЖББМ, II орынды О.Жұмабеков ЖББМ, III орынды Б.Амалбеков ЖББМ иеленді. Үздік ойыншы С.Әбедбай, А.Сейтжанов, Ә.Көшен атанды. Ал ересектер арасында I орынды Е.Шаханов ЖББМ, II орынды Ынтымақ, III орынды Иманәк командалары жеңіп алды. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері демеушылер және аудандық дене шынықтыру, спорт бөлімінің тағайындаған мақтау қағаздары, медальдары, бағалы сыйлықтарымен, кубокпен марапатталды.

Аудандық денешынықтыру және спорт бөлімі

ЖАҢААРҚА

“Аудандық “Жаңаарқа” газеті редакциясы” ЖШС басшысы - директор **ЕРА.ЛИНА СА.ТАНАТ АМАНҚЫЗЫ**

МЕНШІК ИЕСІ: аудандық “Жаңаарқа” газеті ЖШС

Мекен-жайымыз: 100500, Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Тәуелсіздік даңғылы, №2 -үй. Телефондар: 2-85-45, бухгалтер 7-90-26, тілшілер бөлімі 2-71-01

ИНК KZ2760171000000078, БИН 010340002761, БИК HSBKZKX, КБЕ 16, РНН 240400001948, АО “Народный Банк Казахстана”

Құрылтайшысы: Жаңаарқа ауданының әкімдігі

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 18.06.2012 жылы тіркеліп, №12845 - Г куәлік берілген.

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді

Жарнамалар мен хабарламалардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді

Газет “Арқо” ЖШС баспаханасында басылады: Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15

Офсеттік басылым

Индекс 66282

Көлемі бір баспа табақ

Таралымы 1000 дана

Аптасына бір рет шығады

Тапсырыс № 24